

## АЛЫСТАН ӨСЕ БЕРЕР ТҮЛҒАЛАНЫП

Қазақтың көзін жұмды бұлбұл қызы,  
Үзілді сабағынан гүл қырмызы.  
Жарқ етіп көрінді де ағып түсті  
Алматы аспанының бір жұлдызы.

Сөнгендей Ақжүніс пен ақын Сара,  
Семгендей Қыз Жібек пен Татьяна.  
Аққуы айдын-көлдің асыр салған  
Оқ тиіп құлағандай қапияда.

Алатау қабырғасы сөгілгендей,  
Бұлтқа бой алдырып жеңілгендей.  
Кеудені жарып шығып жан қайғысы  
Көздерден жаңбыр болып төгілгендей.

Жаралған әсем ән мен жаны жырдан  
Күн болды Күләш енді сағындырған.  
Құйқылжып естілер ме өз аузынан  
Дауысы оркестрді бағындырған.

Таранып өскен тоты күн нұрына,  
Ұқсаған үні бұлақ сыңғырына,  
Сылаңдап сахнаға қайта шығып  
Қонар ма кербез сұлу тұғырына!

Қанатын қағарында кең көсіле,  
Ажалдың душар болды кермесіне.  
Бөленген қызыл гүлге суреті  
Әр үйдің ілулі түр бөлмесінде.

Бал мінез болар сондай бір кісиде,  
Біз оның сағынармыз күлкісін де.  
Сағынған сайын біздер сезінеміз  
Жүргендей ұлы әнші жұрт ішінде.

Өмірдің өзенінде жылдар ағып,  
Келешек келе берер күн жаңарып,  
Жақыннан кейде оны байқамасақ,  
Алыстан өсе берер тұлғаланып!